

**"Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлемақының жылдық ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 шілдедегі № 1055 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 наурыздағы № 226 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 қарашадағы № 736 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.11.2018 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлемақының жылдық ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 шілдедегі № 1055 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 32, 303-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлемақының жылдық ставкалары осы қаулыға қосышаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 11 наурыздағы  
№ 226 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2009 жылғы 10 шілдедегі  
№ 1055 қаулысымен  
бекітілген

**Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын,  
сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлемақының жылдық  
ставкалары**

Төлеушілер	Төлемақының жылдық ставкалары, %
Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысының операторлары	1,0620
Ұялы байланыс операторлары	1,0620

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК